


- **Психологиялық даярлық.**
- *Бір-біріне сәттілік тілеу:*



Қайырлы күн, досым!
Қайырлы күн болсын!
Бүгінгі сәрсенбі күн
Сәттілікке толсын !
Біздің алар бағамыз
Кіл бестіктер болсын!






**Сәуірдің он жетісі
Сынып жұмысы**


Абай, Шәкәрім кесенесі

Абай – Шәкәрім кесенесінен көрініс




Абай мен Шәкәрім кесенелерінің амфитеатрымен қоса бір қырынан түсірілгендегі көрінісі.






Абай мен Шәкәрімдей қазақтың қос алыбы жатқан кесене туралы айтар болсақ, мұның құрылысы ҚР Президентінің Жарлығы негізінде 1993 жылы басталды. «Кесененің іргетасының ұзындығы - 200 метр. Көлдеңінен (ені) - 65 метр. Бұл - қазір әлемде үлкендігі жағынан бірінші орында тұрған алып космостық құрылыс.




Абай атамыздың күмбезінің жерден биіктігі - 38 жарым метр. Ал, Шәкәрім қажының күмбезінің биіктігі - 37 метр. Шәкәрім күмбезін Абайдан бір жарым метр аласа қылғанының себебі, Шәкәрім Абайдың немере інісі, шәкірті. Яғни бір мүшел жас кіші болған. Ішкі шеңбер аумағы жағынан Абай кесенесі - 16 метр болса, Шәкәрімдікі - 8 метрді құрайды.




Бұл кесене ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен 1995 жылы ашылды.

«Қазақ халқының киесі, ары мен намысы, ақылы мен жүрегі - Ұлы Абайдың аруағына басымды идім», - деген болатын мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай - мәңгілік тұлға. Біз Абай арқылы бүкіл әлемге мемлекеттілігімізді танытамыз.




Абай-Шәкәрім кешенді кесенесіне кіре берген бетте, екі мазардың ортасында «Абай» амфитеатры бар. Бұл поэзия құрметі үшін салынған амфитеатр. Жыл сайын Абай мен Шәкәрім атындағы республикалық поэзия күні осы жерде өтеді. Қазіргі кезде республикалық поэзия сынында жүлде алып жүрген балалардың алды Абай мен Шәкәрімнің 450 өлеңіне дейін жатқа біледі.



Кесененің төрт бұрышында
шошайған төрт үшкіл - мұсылман
зиратының төрт құлағы сынды.
Екіншіден, бұл жерге ниет етіп, тәу
етіп келген адамдарға түнеп жатар,
зиярат етер бекет орындарының
қызметін атқарады. Абай мен
Шәкәрім басына ниет етіп
келетіндердің көбі өнерге,
мәдениетке, поэзияға жақын
адамдар.

Сұрақ – жауап

1. Абай мен Шәкәрім кесенесінің құрылысы қай жылы басталды?
2. Кесененің іргетасының ұзындығы неше метр. көлдеңінен (ені) неше метр?
3. Абай күмбезінің жерден биіктігі неше метр?
4. Шәкәрім күмбезін Абайдан неше метр аласа қылған?

- 
5. Абай-Шәкәрім кешенді кесенесіне кіре берген бетте, екі мазардың ортасында не бар?
 6. Абай мен Шәкәрім басына ниет етіп келетіндердің көбі неге жақын адамдар?
 7. Бұл кесене ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен қай жылы ашылды?

1. Жалпы есімді табыңыз.

- A) Балқаш. B) Сырдария. C) Бетпақдала.
D) Тау. E) Жамбыл.

2. Туынды зат есімді көрсетіңіз.

- A) Еңбекті. B) Еңбекші. C) Еңбекпен. D)
Еңбегің. E)Еңбектен.

3. Туынды зат есім жасаушы қосымшаны көрсетіңіз.

- A) Сөйлем. B) Қолға. C) Мектеп. D) Әке.
E) Кеңесші.

4. Туынды зат есім жасаушы қосымшаны көрсетіңіз.

- A)Септік жалғау B)Көптік жалғау. C)Жіктік жалғау.
D)Тәуелдік жалғау. E)Жұрнақ.

5. Көптік жалғаулы зат есімді табыңыз.

- A) Гүлдер. B) Өлең. C) Өтірік. D) Шын.
E) Есік.

6. Синонимдік қатар құрайтын зат есімді табыңыз.

- A) Суретші, сурет. B) Әдемі, сұлу. C) Жоғары, төмен. D) Дәстүр, салт. E) Ем, дәрі.

7. Туынды зат есімді табыңыз.

- A) Дүкен. B) Жерде. C) Айна. D) Жазушы. E) Өн.

8. Керекті зат есімді табыңыз.

Мен дүкеннен жаңа ... сатып алдым.

- A) Сабақ. B) Үй. C) Көйлек. D) Дәптерде. E) Қаламның.

9. Зат есімнің жалпы есім түрін табыңыз.

А) Алакөл маңы. В) Ердің анасы-елі.

С) «Балдырған» журналы.

Д) Қазақстан Республикасы. Е) Есіл өзені.

10. Киім тігумен айналысатын адамды белгілеңіз.

А) Тігінші. В) Ұста. С) Хатшы.

Д) Басшы. Е) Мұғалім.

11. Туынды сөзді табыңыз.

А) Аң. В) Жұмыскер. С) Жол.

Д) Оқ. Е) Ас.

12. Тәуелдік жалғаулы зат есімді табыңыз.

А) Басқа. В) Аяғым. С) Кеудеден.

Д) Қолдың. Е) Көзді.



13. Негізгі зат есімді анықтаңыз.

- A) Адам. B) Қойшы. C) Бұрғы.
D) Жақсылық. E) Білім.

14. Дерексіз зат есімді табыңыз.

- A) Тұңғыш президент. B) Атақты ғалым.
C) Алғашқы махабат. D) Алғашқы ұстаз.
E) Жақсы адам

15. Күрделі жалқы есімді табыңыз.

- A) Астана. B) Жомарт. C) Тараз.
D) Абай. E) Қартқожа.

Рефлексия



**Сабақ қызықты болды.
Мен барлығын түсіндім.**



**Әлі де түсінуім керек.
Сұрағым бар.**



Мен ештеңе түсінбедім.

Үйге тапсырма

Абай, Шәкәрім кесеңесін
әңгімелеу

